

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

90-жылдардың басында Семей облысы ішкі және сыртқы сауданың ірі орталықтарының біріне айналды, онда Ресейден, Орта Азиядан және қазақ даласынан ғана емес, Батыс Қытай мен басқа да елдердің қалаларынан көпестер ағылды, қалалық өнеркәсіп пен ауылдық жерлер арасындағы, сондай-ақ жекелеген елдер арасындағы нарықтық қатынастардағы маңызды байланыстырушы буыны болды.

XIX ғасырдың соңғы ширегінде қалада диірмендердің, былғары-аяқ киімнің, қой терісінің, сабын шығаратын зауыттар, ауылшаруашылық шикізатын алғашқы өңдеу бойынша бірқатар кәсіпорындар құрылды. Алайда қала тұрғындарының басым бөлігі әлі де егіншілікпен және ұсақ саудамен айналысты [2, 102 б.]. Нанды шаруалардан күзде және қыста жергілікті көпестер сатып алып, ірі қоймаларға жинап, кеме қатынастарының ашылуымен Ертістен арқылы Омбыға немесе Тюменьге жіберілді, сол жерден олар Еуропалық Ресейге жөнелтілді. 1900 жылы Семей қаласында 380 мың пұт бидай, шамамен 500 мың пұт бидай ұны және 30 мың пұт сұлы сатып алынды. Семей облысындағы ең ірі нан сатушылар Красильников, Плещеев, Мухин, Хабаров, ағайынды Злоказовтар болды. 1900 жылға қарай қалада 4 салотоп, 6 сабын, 4 былғары зауыты және 1 жүн жуатын орын, сондай-ақ спирт зауыты, сыра қайнату зауыттары, арақ зауыттары және бу диірмендері болды. Облыста болған 43 өнеркәсіптік кәсіпорынның 25-і Семей қаласында болды. Барлық кәсіпорындар жасөспірімдер мен әйелдердің еңбегін пайдаланды [2, 134 б.].

1907 жылға қарай бу диірмендерінде 280 жұмысшы жұмыс істеді және 2 198 986 рубльге 2 014 710 пұт бидай ұны өндірілді. [2, 108 б.]. 1908 жылға қарай жұмысшылар саны 350-ге дейін өсті, ал бидай ұны өндірісі жылына 3 000 000 пұтқа дейін өсті [1, 174 б.].

Тауар айналымының өсуімен қалада банктер мен басқа несиелік мекемелер беретін несиенің капиталистік формалары дами бастады. 1887 жылы Семей қаласында алғаш банк ашылды, оның айналымының қарқынды өсуі қалада және облыста тауар-ақша операцияларының ұлғаюын айқын көрсетті. Семей мемлекеттік банкінің айналымы 19,9 млн. рубльден, 1893 жылы 35 млн. рубльге дейін өсті. Банктің негізгі тұтынушылары буржуазия өкілдері болды. Мал және шикізат саудасының едәуір өсуіне байланысты 1894 жылдан бастап жыл сайын Қоянды жәрмеңкесінде мемлекеттік Банктің филиалы ашылып, оның айналымы қарқынды дами бастады. 1894 жылы ол 1,1 млн рубльді құраса, 1896 жылы - 2,5 млн рубльді құрады [1, 163 б.].

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Семей облысы ірі сауда-экономикалық орталығы болып қала берді. Қазақстандық қалалар арасында сауда айналымы бойынша бірінші орындардың бірін иеленді. Сонымен бірге, облыс қазақ даласы, империя аумағына көптеген ішкі аудандары үшін ең ірі тарату орталығы болды, оларды шетелдік тауарлармен және Ресейдің орталық аудандарының зауыт өнімдерімен қамтамасыз етуді тоқтатпады.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Торговые связи Семипалатинского Прииртышья (18 - начало 20 в.в.). Сборник документов. Семипалатинск, 2004. 350 с.
2. Касымбаев Ж.К. История города Семипалатинска (1718-1917). Алматы, Олке, 1998. 275 с.
3. Янушкевич А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. Алма-Ата: Казахстан, 1966. 268 с. 5. Кабо С.М. Города Западной Сибири. Москва: Госиздат, 1949. 220 с.

ӘОЖ 93/94

ИСА ТОҚТЫБАЕВ ХАҚЫНДА

Қуандықов Серғазы Шамшидинұлы

Kuanfikov.sergazy@bk.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Тарих» мамандығының докторанты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Н. Сайлаубаева

Тарихы терең қазақ халқының маңызды тұлғалар мен оқиғаларға толы болуы еліміздің

тәуелсіздігін жарқын ететіні белгілі. Ал қандай да бір мемлекеттегі оқиға, құбылыс, қозғалыс секілді тарихи маңызы бар шаралардың негізінде адам, тұлға болатыны анық. Сол себепті де Отан тарихы үшін тұлғатану бағыты маңызды болып табылады.

Тұлға мәселесін жан-жақты зерттеу отандық тарих бағытындағы талдауды қажет етеді. Тұлға мәселесін зерттеу синкретті мәдени құбылыс болғандықтан, ол әр түрлі ғылым (тарих, фольклор, әдебиет, генеалогия) тұрғысынан, түрлі мамандар тарапынан зерттелуі тиіс. Тұлғаның өмір жолындағы қыр-сырларын қарастыру, әлеуметтік-саяси процесстердегі алатын орнын анықтау, қызметі мен еңбегін қарастыру мәселелері тұлғатанудың негізгі өзегін құрайды.

Қазақ тарихы тұрғысынан қарастыру барысында тұлға феномені көп ретте қазақ зиялылары түсінігімен тығыз байланыста қарастырылады.

Ә. Шалтықов «Қазақ зиялылары» атты еңбегінде зиялы қауым санатына «ұлтының интеллектуалды және адамгершілік айнасы, білімді, жоғары саналы өз ұлтының жан ашыры, жеке басының мүддесін ұлттың, елінің мүддесімен де ұштастырып, қоғам үшін адал еңбек ететін тұлғалар. Олар өзінің қатарындағы адамдардан осындай қасиеттерімен шоқтығы биік болып көрініп тұрады» [1, 3 б.].

Тарихшы ғалымдар Б. Аяған, Х. Әбжанов пен Д. Махат қазақ интеллигенциясының қалыптасуы ұлттық сананың оянуының тікелей нәтижесі болды деген тұжырым жасайды. Дәл сол тарихи бетбұрыс кезеңінде интеллигенция арасынан топ жарып суырылып шыққан аса талантты ақындар, жазушылар, тарихшылар, журналистер, заңгерлер, қоғам қайраткерлері біршама болды және олар қоғамдық сана-сезімнің, мәдениеттің дамуына үлкен үлес қосты. Қазақ зиялыларының басын қосқан бірден-бір идеология – қазақ ұлтының болашағы болды. Ұлт-азаттық қозғалысының асқар шегі – ХХ ғасыр басындағы Алаш зиялыларының қызметі. Негізгі бұқарасы қараңғы, сауатсыз қазақ тұрғындарын патша өкіметінің өктемдігі мен қанауынан қорғау идеясы бірте-бірте көбіне Ресей мен Еуропа оқу орындарында (Мәскеу, Петербург, Томск, Омбы, Варшава) оқитын немесе соларды бітірген жастар арасына тарай бастады. Қозғалыс атауы, есімі аңызға айналған қазақ ханы Алаша ханға байланысты аталды. «Қазақ» атауына балама саналатын «Алаш» ұлттық мақсат-мүдделерді қорғау жүйесінің негізгі құралы болып табылатын тәуелсіз қазақ мемлекеті туралы ел арманын танытады [2, 84 б.].

Қоғамға белгілі алаштық азаматтармен қатар бүгінгі таңда еліміз үшін, қоғам үшін жаңа тұлғалар анықталуда. Мұның бәрі әрине еліміздің Тәуелсіздігінің жемісі ретінде қабылдауымыз қажет. Республика деңгейінде алаштық қайраткерлермен қатар өңірдегі алаш қозғалысындағы азаматтардың ғұмыры мен саяси-қоғамдық қызметі тек өңір немесе өлке үшін ғана емес шынтуайтында мемлекет үшін маңызды бола білді. БҚпалы жөнінен сондай бірегей тұлғалардың бірі Иса Тоқтыбаев еді.

Иса Тоқтыбаев 1894 жылы 15 ақпанда Қызылорда облысы, Тереңөзек (қазіргі Сырдария) ауданындағы Қараөзек (бұрынғы 18-ші партсъезд) ауылында дүниеге келеді. Иса кішкентайынан Перовскідегі байлар мен саудагерлерге жалданған. Рафаил деген дүкеншіде жұмыс істеп жүріп, өз бетінше білім алуға ұмтылады. Албырт жастың қабілеттілігін Щипков сияқты сол уақыттың алдыңғы қатарлы ауқатты адамдары да байқап, оған қамқорлық жасайды. Ағайынды Щипковтардың Ақмешітте бұратаналарға арналған үш мектебі бар-ды. Міне, соның бірінде Иса өзінің досы – кейін Қарақалпақ АССР-інің алғашқы басшысы болған Әбу Құдабаевпен бірге орысша оқып, 1908 және 1912 жылдары ол білім ұясын, одан кейін Ташкенттегі мұғалімдер семинариясын бітіреді. Семинарияда жүріп маркстік-лениндік үйірмелерге қатысып, 1916 жылы Тоқмақ стансасындағы жұмысшылар ереуіліне барғаны үшін жандармерия тарапынан тұтқынға алынады. 1917 жылдың қазанында ескі Ташкент жұмысшыларының көтерілісіне қатысып, Уақытша Үкіметті құлатуға белсене араласады да сондағы жұмысшы, солдат және мұсылман депутаттары Кеңесінің хатшысына сайланады. 1918 жылы И. Тоқтыбаев Түркістан Кеңес Республикасының Орталық Комитетінің мүшелігіне сайланып, 1919 жылы ақпанда большевиктер партиясы қатарына қабылданады. Сол жылы қарашада тұңғыш рет Орталық Азия мен Қазақстан халықтарының ағарту институты

құрылғанда оған Үкімет осы жоғары оқу орнын ұйымдастыруды және басшылық жасауды жүктейді. Оны мұндай жоғары лауазымдарға ұсыну кеңес қайраткерлері В.В.Куйбышев пен Тұрар Рысқұлов тарапынан болған-ды. 1918 жылы Перовск өңірінде аштық жайлап, “Билік – жергілікті жерде” деген ұранмен бұл аймақта Иосиф Гержод атты қанішер білгенін істейді. Қасындағы милиция Жорабек Есенов екеуі мұндағы қазақтарды қынадай қырады. Жерлестері Мұстафа Шоқайды да сабайды. Бұл сұмдық жауыздық туралы Алаш арысы өзінің “Түркістан Советтер билігінде” кітабында анық жазған. Міне, сол жылғы 17 шілдеде Перовск тұрғындарының арызын тексеруге И.Тоқтыбаев бастаған төтенше комиссия құрылып, істі тексеруге аттандырылады. Олар келе жатқанда И.Гержод Перовскіде бұларды тұтқындап, атуға бұйырады.

1920-1922 жылдары Иса ағамыз “Ақжол” газетінің редакторы болып тағайындалады. Оған дейін бұл қызметті Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Сұлтанбек Қожанов атқарған еді. Оған ұлтшыл-алашордашы деген атау осы кезден тағылды. Содан бастап И.Тоқтыбаев Түркістан Кеңес Республикасы тұрғындарының арасында үлкен беделге ие бірден-бір көрнекті қайраткерге айналады [3]. Сонымен 1920 жылы 1 қазанда Ташкент қаласында ашылған Қазақ халық ағарту институты 1917 жылдан бастап жұмыс істейтін қазақ педагогикалық училищесінің негізінде бой көтерді. «Қазақ Халық ағарту институты туралы ережеге» сәйкес институттың бес жылдық негізгі курсынан өзге, бір жылдық курстар, мектепке дейінгі тәрбие курстары, мектептен тыс білім беру курстары ашылды. 1920 жылы 10 қарашада өткен Ағарту халкомы алқа мәжілісінде И. Тоқтыбаев Халкомының нұсқаушылар бөліміне нұсқаушылықпен қатар Қазақ педкурсының меңгерушілігіне тағайындалды. Ол осы қызметті 1920 жылдың тамызына дейін атқарды. Бұдан соң И. Тоқтыбаев 1921 жылғы қаңтарда Ташкентте ашылған Қазақ ғылыми комиссиясын басқарды. Қазақ Ғылыми комиссиясы мектеп кітаптарын даярлауға басты назарын аударып, 1921 жылы 30 шілдеде И. Тоқтыбаевтың «Жағрафия» атты оқулығын қарап, оны баспадан ешқандай кезексіз 5000 данамен шығару туралы қаулы қабылдады. Иса Тоқтыбаев, кейін Х. Досмұхамедов басшылық жасаған Қазақ Ғылыми комиссиясы 1921-1922 жылдары орта мектептерге арнап қазақ тілінде біршама кітаптарды дайындап шығарады. Атап айтқанда 1921 жылы 50000 данамен «Үлкендерге арналған әліппе», 1920 жылы 10000, 1922 жылы 3500 данамен А. Байтұрсынұлының «Қазақ тілінің грамматикасы», 1922 жылы 50000 данамен М. Дулатұлының «1 сатылы мектепке арналған тапсырмалар», 1922 жылы 40000 данамен «Әліппе» оқу құралы, 1922 жылы 7500 данамен А. Байтұрсынұлының «Маймыл және көзілдірік» атты кітабы, 1922 жылы Диваевтың «7 дастан қолжазбасын (Қобыланды батыр, Жарық ұлы Шор, Бекет батыр, Алпамыс батыр, Қамбар батыр, Шора батыр, Едіге мырза)» шығарып, М. Дулатұлының «Тапсырмалар» атты оқу құралы, Иса Тоқтыбаевтың «Бастауыш жағрафиясы» мен «Түркістанның жағрафиясы», Х. Досмұхамедовтың «Анатомия мен физиологиясы», Диваевтың «Халық ауыз әдебиетінің Хрестоматиясы», Қожановтың «Арифметикасы» және мұғалімдерге арналған 1921 жылы 10000 данамен Байтұрсынұлының «Ана тілінен әдістемелік жазба», 1921 жылы 10000 данамен «Тұтас еңбек мектебінің бағдарламасы», Ф. Ғалымжановтың «Қабырға күнтізбесі» жарық көрді.

1922 жылы 4 желтоқсанда Ташкент қаласында Х. Досмұханбетов, И. Тоқтыбаев бастаған қазақ зиялылары бас қосып, Мемлекеттік ғылыми кеңестің алдына «қырғыз-қазақ мәдениетін өркендетуді мақсат еткен» «Талап» қоғамын құру туралы мәселені қояды. Көп кешікпей Талап қоғамы құрылып, 1922 жылы 13-інші желтоқсанда оның бірінші жиналысы болып, басқармаға төмендегі адамдар сайланды: Басқарманың төрағасы – Халел Досмұхамедов, басқарманың мүшелері: профессор Александр Шмидт, Иса Тоқтыбаев, Мырзағазы Есболұлы, Мұқамеджан Тынышбайұлы, Мұхтар Әуезұлы, Қасым Тыныстанұлы болды. «Талаптың» жоғарыда айтқан мүшелері көпшілік алдында дәріс оқып, баяндамалар жасап, түрлі көрмелер ұйымдастырды. Өнердің неше түрлі үлгілерін, кітаптар мен қолжазбаларды шығарып, кітапхана, оқу залын ашты. «Талап» қоғамы көздеген мақсатына толық жетпесе де, ұлт мәдениетін өркендетуге өзінің қомақты үлесін қосты [4].

1922 жылдан бастап Ташкентке жиналған қазақ зиялыларына деген Үкімет

көзқарасында салқындық байқала бастайды.

Оларды қудалау басталды. Бұл жөнінде ақын Сәкен Сейфуллин: “Алашордашылардың бір бөлігі Қожанов және пікірлестерінің демеуіне сүйене отырып, Ташкентке келіп алды. Сорақылығы ТОАК органы “Ақжол”, Шолпан”, және “Сана”, оның қазақ-қырғыз бөлімі басылымдары ұлттық көзқарастардың ошағына айналды. Олар Түркістанды “түркілердің отаны” деп жариялап, Ташкентті алашордашылар жауынгерлерінің қонақүйіне айналдырды” – деп жар салды. Осындай дабыл зардаптары “Ақжолдың” басшысы болған И.Тоқтыбаевқа да тиіп, қызметтерден шеттетіле бастайды. 1926 жылы Орынбордағы жұмысынан кетуге мәжбүр болып, Семейде шығатын “Қазақ тілі” газетінің редакторы қызметіне тағайындалады [3].

Сталиндік репрессияның 1929-1933 жылғы алғашқы толқыны И.Тоқтыбаевқа да жетеді. Оны бұл кісінің үлкен баласы Рәм былай деп еске түсіреді. “Менің әкемді 1933 жылы Ленинград түбіндегі санаторийде демалып жатқанда бірінші рет тұтқынға алды.

Мұстафа Шоқаймен байланысы бар деген желеумен 1934 жылдың 29 наурызында «Революцияға қарсы ұлтшылдық орталықтың» басшысы ретінде РКФСР ҚК 58-7, 58-10, 58-11 баптары бойынша 10 жылға сотталып, Қарлагтің Бозшакөл учаскесінде айдауда болды. №04693 іс бойынша Иса Тоқтыбаев ленинградтық қазақ студенттерінің контрреволюциялық тобына басшылық жасап, бірыңғай жасырын орталық болған контрреволюциялық ұлтшылдық құрылымдарды басқарды деп айыптайды.

Қызметтес болған С.М. Кировтың көмегімен ол 1935 жылы босанады. Иса Тоқтыбаев 1939 жылы қайтадан тұтқынға алынып, 1947 жылы босанды. 1948 жылы 27 қаңтарда үшінші рет қамауға алынып, Красноярск өлкесі Енисей ауданы Хохлово лагеріне жер аударылды. 1954 жылы мерзімінен бұрын босатылып, өмірінің соңына дейін Қызылорда облыстық мұражайының директоры болып қызмет істеді

Қызылорда қаласындағы бір көшеге есімі беріліп, өзі тұрған үйге ескерткіш-тақта орнатылған. 1998 жылдан туған ауданындағы №35 қазақ орта мектебі И.Тоқтыбаев есімімен аталады.

Иса Тоқтыбаевтың төрт ұлдары болған: Рем, Варлен, Лорен, Маулен. Лорен Ленинград блокадасы кезінде хабарсыз кеткен. Қазір ұлдарының бәрі де қайтыс болған. Немелерінен 3 ұл, төрт қыз бар.

Әлем тарихын сараптай келе, тұлғаларсыз қоғам мен мемлекет дамымайтынына назар аударуға болады. Дегенмен тарихты халық жасайтыны белгілі. Ал сол халықтың күш-қуатын дұрыс арнаға бағыштау үшін, бабалар сөзінен айрылып, еңбегінің еш, тұзының сор болмауы үшін тұлғаның көрегендігі, қайраткерлігі, елге, жерге, туған халқына адалдығы қажет. Тұлға болу әркімнің маңдайына жазылмаған.

Бүгінгі жас тарихшы зерттеушілердің алдында И. Тоқтыбаевтың ұлттық, қоғамдық, азаматтық және дүниетанымдық тұжырымдарының қалыптасуы менен орнығу кезеңдері, оның даму сатысы секілді тұлға ғұмыры мен қоғамдық қызметін тарихи тұрғыдан талдау мақсаты тұр.

И. Тоқтыбаевтың тарихи мұралары жинақталып, бас-аяғын бүтіндеп, бір арнаға түсірген жөн. Соның ішінде атап айтсақ, баспасөз беттерінде жарық көрген, жанұялық қорында сақталған шығармаларын топтап айналымға енгізу - тарих ғылымындағы кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болмақ және Отан тарихына зор үлес қосатыны белгілі.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Шалтықов Ә.Е. Қазақ зиялылары. –Алматы, 2014. – 192 б.
2. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. – Алматы: Раритет, 2010. -448 б.
3. Egemen Kazakhstan. – 2010 жыл 27 қаңтар «Жоқ, бұл Кәрім Тоқтабаев емес... Иса Тоқтыбаев!»
4. <https://e-history.kz/kz/news/show/195> Еңсепов Б т.ғ.к.доцент, «Мың тамұқты көрген адам»